Қазақ және орыс тілдерінде толығымен зат есімнің мағынасын қабылдаған сын есімдер бар: жұмыскер, асхана, сондай-ақ тәуелдеуші сын есімдер ауысып кеткендер: Абай селосы, слесарь Айдар және басқалары. Қазақ тілінде де толығымен зат есімге айналып кеткен сын есімдер жиі кездеседі және сын есім ретінде қолданылмайды: ұшқыш, қыр, дос, сай, сүзгі, елеуіш.

Сондай-ақ екі тілде де сапалық және қатыстық сын есімдерден туындаған сын есімдер бар, бірақ адамдардың аттары, тегі, ауыл аттары, тау атаулары, қала аттары ретінде қолданылады. Адам аттары: Қайсар, Жомарт, Әсем. Қала аттары: Қарағанды, Талды, Қарқаралы. Бұл сөздер құрамында сын есімдердің аффикстері бар, алайда сөйлемде сын есімсіз қолданылады. Сөйтіп сын есімдер зат есімге ауысқанда салыстырмалы тілдерде оларды басқа сын есімдерден айыратын келесі ерекшелікке ие: Кім? Не? Кімді? Нені? – деген сұрақтарға жауап беріп, заттың мағынасын білдіреді. Сөйлемде бастауыш, толықтауыш, пысықтауыш рөлін атқарады. Орыс тілінде сын есімнің жалғауы болғанмен род бойынша өзгермейді. Орыс тілінің өзінде анықтауыш ретінде басқа сын есім болу мүмкін.

Қорыта келе, қазақ және орыс тілдерінің контрастивті спецификасында барлық атауды сын есімдер арқылы салғастыру жүзеге асатынын көруге болады. Орыс тілінде сапалық және қатыстық сын есімдердің сипаттамалық жалғаулары бар, бұлар арқылы сын есімді сөз таптарынан айыруға болады. Қазақ тілінде сын есімнің сөз табы ретінде сын есімдерді сапалық және қатыстық сын есімдерге бөлуден басқа арнайы сөз тудыратын көрсеткіші жоқ. Бірақ сапалық сын есімдерді қатыстық сын есімдерден айыратын таза грамматикалық көрсеткіштер аз болғандықтан бұл шартты қасиетті тудыратыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – Алматы: Демеу, 1996. – 208 с.

2 Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1967. – 167с.

3 Касевич В.Б. Семантика. Синтаксис. Морфология. – М.: Наука, 1988. – 309 с.

4 Розенталь Г.Е., Голуб И.Б., Теленкова М.А. Современный руский язык. – М.: Высш. шк., 1991. – 559 с.

5 Касевич В.Б. Семантика. Синтаксис. Морфология. – М.: Наука, 1988. – 309 с.

Сатыбалдиева Перизат Орынбасарқызы
Филология факультетінің 1-курс магистранты
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Жанузахова Қарлығаш Қалдаровна
«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы,
Қарағанды қаласы, Қазақстан республикасы

ПРЕСУППОЗИЦИЯНЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Күнделікті өмірде белгілі бір ақпарат жеткізу не алу үшін адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетіні белгілі. Әдетте, қай тілде де сөйлеуші айтпақ болған ойын ашық (эксплицитті) не жасырын (имплицитті) түрде жеткізуі мүмкін. Хабарды эксплицитті не имплицитті түрде берілуі сөйлемнің мағынасымен байланысты.

М.А.Кронгауз «Семантика» деген еңбегінде имплицитті мәндердің пресуппозиция (презумпция), салдар (импликация), коннотация, импликатура деген түрлерін көрсетеді [1, 203].

«Тіл білімі сөздігінде» имплицитті мәндердің алғашқы түріне – пресуппозицияға мынадай түсінік берілген: «Пресуппозиция (лат. prae – алдында + suppositio – ойлаймын, болжаймын) – сөйлем мағынасының шын мәніндегі нағыз компоненті, оның көмегімен сөйлем семантикалық жағынан қалыпты, сол контекст бойынша дұрыс, орынды деп танылады» [2, 292]. Нақты айтқанда, қабылдау үдерісінде пресуппозицияның маңызы зор, яғни аталған құбылыс арқылы сөйлемдегі логикалық байланыс ашылады.

Buketov University

Пресуппозиция, импликация деген терминдер тіл біліміне логикадан енгізілгені белгілі. Тіл ойлаумен байланысты болғандықтан, осы ұғымдар байымдау, индукция, дедукция, анализ, синтез деген терминдерімен қабаттасып жүреді. Басқа сөзбен айтқанда, осы ұғымдардың әрбіреуі ойдың мазмұнымен байланысты екені сөзсіз.

Пресуппозиция және импликация арасындағы айырмашылықты Е.В.Падучева мен Т.Гивон сияқты ғалымдар фазалық етістіктер (қимылдың, іс-әрекеттің қандай да бір фазасын білдіретін етістіктер) арқылы көрсетеді [1, 206]. Мысалы:

– Жұмысқа кірісіңдер! (Елең-алаң, 86) деген сөйлемде мынадай имплицитті мағынаның болуын көрсетуге болады:

пресуппозиция – Біреулер жұмыс істеген жоқ;

импликация, яғни нәтиже-салдар – Біреулер жұмыс істей бастады. Келтірілген мысалдағы фазалық етістік – «бастау» деген сөз. Ол үш сыңардан тұратын күрделі баяндауыштың құрамына кіреді. Байқағанымыздай, импликацияда фазалық етістіктер көрініс табады.

«Пресуппозиция» терминінің шығу тегіне тоқталатын болсақ, «прессупозиция» деген ұғым философиялық логикадан енгізілген. Оны Г.Фреге, содан кейін Б.Рассел қолданған. Алайда пресуппозицияның ұғымы мен жан-жақты анықтамасын П.Строссон енгізді» [1, 204]. Алайда қазіргі уақытқа дейін пресуппозицияның анықтамасы жөнінде ғалымдардың ортақ пікірі жоқ. Ендеше пресуппозицияға қатысты кейбір мәселелерді қарастырамыз.

З.Ерназарова пресуппозицияның мынадай қызметін атап көрсетеді: «Тіл білімінде «пресуппозиция» ұғымы тілдің әр деңгейі бірліктерінің қолданысқа түсуін, сонымен байланысты семалық қабатында болатын өзгерістерді, жасырын мәннің қалыптасуын, сөйлесім семантикасында коммуникативті-прагматикалық салмаққа ие компоненттерді анықтауға, негіздеуге көмектеседі» [3, 55]. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, пресуппозиция сөйленістің эксплицитті мәндері ғана емес, имплицитті мәндерінің пайда болуын, сөйленімдегі тілдік бірліктерінің прагматикалық қызметін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеуші Е.В.Падучева сияқты кейбір ғалымдар ол құбылыс жөнінде айтқанда, «презумпция» деген терминді қолданады [1, 204]. Олай болса, прессуппозиция мен презумпция деген логика ғылымынан келген тіл білімі ғылымында ерекше орын алған ұғымдар бір-бірімен синонимдес болып келеді.

Ғалым З.Ш.Ерназарова өз монографиясында В.А.Звегинцевтің мынадай пікірін көрсетті: «Пресуппозиция – семантикалық байланыстың ерекше түрі. Ол логикалық байланыспен дәл келмейді» [3, 54]. Ғалымның пікіріне тоқталатын болсақ, пресуппозицияны логикалық қатынастарға дәл сәйкес келмейді. Мысалы: Ал мында, әлі салқын... (Елең-алаң, 10-б.). Келтірілген айтылымның пресуппозициясы – адресант тұрған жақта ауа әлі райы салқын, көктем әлі келген жоқ. Олай болса, «адресат тұрған жақта жылы екен, көктем келді, табиғат оянды» деген хабарды логикаға сүйеніп анықтаймыз. Аталған сөйлемдегі пресуппозицияның мен логикалық қатынастардың дәл сәйкес келмеуін байқауға болады.

«Пресуппозиция» ұғымы әрі қарай кеңейтіліп, сөйлесімнің сөйлеу жағдаятына дәл келуін қамтамасыз ететін, анықтайтын шарттар жиынтығы, жасырын подтексі ретінде анықталады [3, 54]. Басқаша айтқанда, пресуппозиция сөйлеу жағдаятына дәл сәйкес келіп, подтекст ретінде танылады.

Зерттеуші Н.Г.Семенова пресуппозицияның мынадай ерекшеліктерін көрсетеді: «Пресуппозиция – көп қырлы құбылыс. Ол тілдік бірліктердің мазмұндық жағымен ғана емес, прагматикалық жағымен, атап айтқанда, коммуниканттардың түсініктері және дүниетанымымен де байланысты. Пресуппозицияның прагматикалық жағы, тілдік тұлғамен (адаммен) байланысы, оның стилистикалық мағынасын алдын ала анықтайды» [4, 157]. Ғалымның пікіріне тоқталатын болсақ, пресуппозиция арқылы айтылымдағы сематикалық пен прагматикалық қырлар ашылады.

Buketov University

Айтылымдағы пресуппозицияның қызметін былай көрсетуге болады: «Сөздің мән-мағынасымен қатарласып жүрген кез келген айтылымның міндетті сыңары (компоненті) – пресуппозиция. Пресуппозициялық білім коммуниканттардың санасында байымдау түрінде көрініс табады және оның терең деңгейінде мәтіннің семантикалық құрылымының бір бөлігі ретінде жұмсалады. Ол жаңа ақпараттарды бермейді. Пресуппозицияның тақырыбы мен объективтілігі бар. Ол – сөйленімнің пайда болуы үшін жұмсалатын, вербалды білдіруді талап етпейтін мағыналық негіз. Пресуппозиция – сөйленімнің объектісі емес, дұрыс түсінудің алғышарты»[5, 97]. Ендеше пресуппозиция қабылдау үдерісіне әсер етеді.

Пресуппозиция арқылы байымдаудың нақты шындыққа қатысын анықтауға болады. Олай болса, пресуппозицияның адресант пен адресаттың білім қорына, өмір тәжірибесіне қатысы бар. Пресуппозиция коммуниканттардың білім қорына, өмір тәжірибесіне қатысты болғандықтан, ол астарлы мазмұн мазмұн ретінде танылады. Бұл тұста зерттеуші Ж.М.Баймұрыновтың пресуппозицияға берілген анықтамасын көрсетуге орынды: «Пресуппозиция – синтаксистік құрылыста арнайы түрде көзге көрінбейтін қосымша немесе қосалқы ақпараттың тұруымен түсіндірілетін астарлы мазмұн» [7, 15]. Нақты айтқанда, пресуппозиция сөйленістегі ашық көрсетілмеген құбылыстарға жатады. Олай болса, пресуппозиция қандай сөйлемдерге тән және оны сөйлемнің қай түрінде байқауға болады? дегенсұрақ туады. Бұл тұста мынадай пікірді көрсетуге болады: «Пресуппозицияны кез келген сөйлемнен де байқалуы мүмкін. Бұл үшін сөйлем өз құрылысындағы қатысымдық тұлғалар беретін хабардан және бір қосымша хабарды кодтай алатындай сипатта болуға тиіс» [7, 15]. Ғалымның пікіріне тоқталатын болсақ, пресуппозицияны анықтау үшін қатысымдық тұлғалардың семантикасына және айтылымның прагматикалық қызметіне көңіл бөлу керек.

Ғалым Ф.Оразбаева «Тілдік қатынас» деген оқулығында: «Қатысымдық тұлғалар – тіл арқылы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, белгілі бір ортамен араласу жағдайында жүзеге асатын тиянақты ойды хабарлау және қабылдау қасиеті бар, ерекше деңгейге көтерілген тілдік тұлғалардың қатысынан тұратын, қарым-қатынастық мәні бар бірліктер» [6, 58], – дейді. Жоғарыдағы пікірге тоқталатын болсақ, қатысымдық тұлғалардың коммуникация үдерісінде ерекше орын алатыны сөзсіз. Ф.Оразбаева қатысымдық тұлғалардың қызметін былай көрсетеді: «Қатысымдық тұлғалар контекстік жүйелі мағынаға ие болу арқылы нақты ұғымды, тиянақты ойды жеткізеді» [6, 58]. Басқаша айтқанда, қатысымдық тұлғалар – ойдың тиянақтылығын қамтамасыз ететін шарт.

Ғалым қатысымдық тұлғалардың түрлерін былай топтастырады: «Қатысымдық тұлғаларға сөз, фразеологиялық тіркестер, сөйлем және мәтін жатады» [6, 59]. Олай болса, пресуппозицияны қатысымдық тұлғаларға сүйеніп анықтауға болады. Мысалы:

Осындайда қасында Тайлан болар ма еді!(Үркер, 6). Осы сөйленімді психолингвистика жағынан талдайтын болсақ, сөйлемнің пресуппозициясы: Тайланның қасында болмауы.

Прессуппозиция – шетел, орыс және қазақ тіл білімінің өзекті мәселердің бірі екені белгілі. З.Ш.Ерназарова өз еңбегінде «Пресуппозиция барлық тілдер үшін бірдей ме? Яғни бір тілден екінші тілге өзгеріссіз ауыса бере ме?» деген сұрақтарға былай жауап береді: «Тілдің құрылысына, түріне қарай олар өзгеріп отырады. Бір тілде берілген пресуппозиция екінші тілде сөйлем мазмұнында қамтылмауы мүмкін. Тілде халықтың тәжірибесі, санасы бейнелейтін болса, оның сөйлесім құрылымында, мазмұнында берілуге тиістісі болады» [3, 59]. Нақты айтқанда, пресуппозиция – халықтың өмір тәжірибесімен байланысты болатын, тілдің құрылысына, түріне қарай өзгеріп отыратын құбылыс.

М.В.Умерова көрсеткендей, «пресуппозиция синтаксис, лексика және грамматикалық категориялардың деңгейінде көрініс беріп тұрады» [5, 98]. Сондықтан пресуппозицияны коммуникация үдерісінде маңызды орын алатын көп қырлы құбылыс ретінде қарастыруға болады. Олай болса, пресуппозицияның түрлеріне ерекше тоқталу керек.

Ғалым З.Ш.Ерназарова «Сөйлесім мазмұнын анықтайтын шарттарды» пресуппозицияны деп атап, оның экзистенционалды, семантикалық және прагматикалық

Buketov University

түрлерін көрсетті [7, 45-46]. Пресуппозицияның әрбір түрінің ерекшеліктерін қарастырып көрейік.

Пресуппозицияның бірінші түрі – экзистенционалды пресуппозиция. «Экзистенционалды» деген сөз латын тілінде existentia аталып, «бар болуы» деген мағынаны береді [8, 929]. Олай болса, экзистенционалды пресуппозиция арқылы белгілі бір объект не субъектінің бар болуын не болмауын түсінуге болады. Мысалы:

Он жеті жиде тасы бәрібір тізіліп тұрып алды. «Әттеген-ай! – деді ол (Әбілқайыр) ішінен. – Осындайда қасында Тайлан болар ма еді!» (Үркер, 6) деген сөйлемдердегі екі экзистенционалды пресуппозиция бар: 1. Тайлан деген балгер бар. 2. Әбілқайырдың қасында Тайлан жоқ.

Пресуппозицияның екінші түрі – семантикалық пресуппозиция. Семантика пән ретінде өзінің зерттеу объектісі етіп мағынаны алады [9, 26]. Олай болса, семантикалық пресуппозиция сөйленімдегі кейбір сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасымен байланысты болып келеді. Аталған пікірді мынадай мысал арқылы дәлелденуге болады:

Кім болсаң да, есік ашық, кіре бер! – деді іштей бір күңкілдек дауыс (Үркер, 391). Осы сөйлемдегі семантикалық пресуппозиция – кіруге рұқсат. Оны біз айтылымдағы «кіре бер» деген күрделі етістіктің мағынасына сүйеніп анықтаймыз.

Пресуппозицияның үшінші түрі – прагматикалық пресуппозиция. «Прагматикалық пресуппозициялар бір мазмұнның түрлі формаларда, құрылымда жеткізілуін, түрленуін анықтап отырады. Бір мақсат әр түрлі ықпал күшімен жеткізілуі мүмкін» [10, 70]. Прагматикалық пресуппозицияда контекст пен жағдаят маңызды орын алатыны ерекше көрсетуге болады. Мысалы: Бірақ ондай дәурен қайда! (Үркер, 101). Мақсатына қарай сұраулы сөйлемде «қайда» деген сұраулы есімдігінің қызметі – сұрау және жауап беруді талап ету. Байқағанымыздай, келтірілген сөйлемдегі «қайда» деген сұраулы есімдігінің қызметі басқа. Оны жағдаят және адресантың интонациясы арқылы анықтаймыз. Олай болса, сөйлеу жағдаятына сүйеніп, аталған сөйлемде «қайда» деген сұраулы есімдігінің қызметі – сұрау емес, айтылған сөздерге ерекше реңк беріп, өкініш сезімін және болымсыздық мәнін жеткізу. Жоғарыда келтірілген сөйлемде «Өкінішке орай, ондай дәурен жоқ!» деген хабар беріледі.

«Сөйленім мәселесі қазақ тіл білімінде әлі де түрлі талас тудырып келе жатыр. Тіпті «высказывание» атауының өзі де термин ретінде әлі тұрақтанып, ғылыми айналымда қалыптана қоймады. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде «высказывание» сөзінің баламасы ретінде бірде сөз, бірде лебіз атаулары қолданылғанын байқаймыз» [13, 8-9]. Ал «соңғы жылдардағы жарыққа шыққан бірқатар ғылыми еңбектер мен мақалаларда «высказываниеге» «сөйлесім», «айтылым», «айтылыс», «сөйленіс», «сөз» сияқты не түбірі, я болмаса қосымшасы бірыңғайланбаған баламалар беріліп жүр» [13, 8 б.]. Олай болса, сөйленім ұғымы – қазақ тіл білімінде өзекті мәселелердің бірі.

«Орыс грамматикасында «сөйленім» термині кең және тар мағынада қолданылады. Кең мағынада сөйленім сөзі кез келген хабар беруші бірлік болады да, тар мағынада – грамматикалық сөйлем сияқты хабар жеткізетін бірлік» [13, 9]. Аталған пікірге сүйенетін болсақ, сөйленім хабар жеткізуші бірлік ретінде танылады.

Ғалым С.Жабаева пресуппозиция мен когнитивті құрылымдардың айырмашылығын былай көрсетеді: «Когнитивті құрылымдар (жалпы білім қоры) пресуппозициялармен бір қатарда жүреді, бірақ пресуппозиция кез келген коммуникация түрін сипаттаса, когнитивті құрылымдар мәдениетаралық коммуникацияның шеңберінде қызмет етеді» [11, 101]. Ғалымның пікіріне сүйенер болсақ, когнитивті құрылымдар – коммуникация кезінде орын алатын, түрлі ұлт өкілдерінің бірін-бірі ұғынысуын қамтамасыз ететін құрылымдар. Ал пресуппозиция коммуникацияның кез кезген түріне тән болғандықтан, оның негізгі қызметі – адресант пен адресат арасындағы тілдік байланысты орнату екені сөзсіз.

Ғалым З.Ш.Ерназарова пресуппозицияның мынадай ерекшеліктерін атап көрсетеді: «Сөйлесімге қатысты пресуппозиция әр түрлі мақсатта қалыптасуы мен айтылуын,

Buketov University

қабылдауын, ұғынылуын қамтамасыз ететін шарттардың жиынтығы болып табылады. Шарттың түрі прагматикалық көрсеткіштерге (сөйлеу жағдаяты, коммуниканттар, мақсат), мәтін ішінде сөздердің лексика-семантикалық сипатына, синтаксистік бірліктердің арақатынасына, жалпыға ортақ білім қорының, тілдік құзіреттің болуына тәуелді» [3, 54]. Басқаша айтқанда, пресуппозицияның қызметін дұрыс анықталуына әсер ететін факторларына сөйлеу жағдаяты, адресант пен адресаттың ортақ білім қоры, тілдік бірліктердің лексика-семантикалық сипаты мен синтаксистік қатынасы, қатысымдық тұлғалардың прагматикалық қызметі жатады. Басқа сөзбен айтқанда, пресуппозиция – адресант жеткізген хабарын түсінуге бағытталған шарт болғандықтан, оның қызметіне ерекше тоқталамыз.

З.Ш.Ерназарова пресуппозицияның қызметтерін былай көрсетеді: «Біріншіден, пресуппозиция қазіргі тіл білімі мен логикалық семантиканың арасын байланыстыратын көпір қызметін атқарса, екіншіден, тіл біліміндегі семантикалық, функционалды, құрылымдық, деривациялық бағыттарды тілдің қарым-қатынас қызметінде жинақтап түйістіреді» [3, 56]. Басқа сөзбен айтқанда, пресуппозиция – логикалық семантика және тіл білімі мәселелерін біріктіретін көп қырлы құбылыс.

Ал белгілі ғалым М.А.Кронгауз «Семантика» деген еңбегінде мынадай мәселеге тоқталады: «Пресуппозицияның басты қызметі: ол (пресуппозиция) ассерцияға, яғни сөйлемнің ассертивті компонентіне қарама-қарсы болып келеді. Ассерция – белгілі бір пропозициясымен белгіленген, сұралған не талап етілген сөйленістің бір бөлігі. Ассерциялар сөйленімнің орынды немесе орынсыз болуына әсер етпей, шын не жалған болуы мүмкін» [1, 206]. Ғалымның пікіріне тоқталатын болсақ, мынадай мысалды келтіріп көрейік:

– Тайлан қайда?

– Ештеңе де болған жоқ. Тірі (Үркер, 87).

Осы диалогтегі пресуппозициясы: Тайланның қай жерде екені белгісіз. Тайланмен бәрі жақсы. Тайланды ешкім өлтірген жоқ. Ассерциясы – Тайлан бәлеге ұшыраған жоқ. Тайлан тірі екен.

Пресуппозицияны өзгертсек, Тайланның қай жерде екені белгісіз. Тайланмен бәрі жақсы. Тайланды біреу өлтірген десек, пресуппозицияның жалғандығын байқаймыз. Мұнан сөйленістің орынсыз екені болып шығады. Олай болса, пресуппозицияның шын не жалған болуынан сөйленімнің орынды немесе орынсыз болуы тәуелді.

Сөйленімнің ассерциясына тоқталатын болсақ, Тайлан бір (не бірнеше) бәлеге ұшырады. Тайлан тірі екен; немесе Тайлан бәлеге ұшырады. Тайлан тірі емес десек, сөйленістің орынды не орынсыз болуына ассерцияның ешқандай қатысы жоқ.

Сонымен, пресуппозиция дегеніміз – сөйленістің орынды не орынсыз болуын көрсететін синтаксистік құрылыстағы арнайы түрде көзге көрінбейтін, эксплицитті не имплицитті түрде қосымша ақпарат беретін мазмұн.

З.Ерназарова пресуппозицияның қызметіне тоқталып, оның рөлін былай түсіндіреді: «Тіл білімінде «пресуппозиция» ұғымы тілдің әр деңгейі бірліктерінің қолданысқа түсуін, сонымен байланысты семалық қабатында болатын өзгерістерді, жасырын мәннің қалыптасуын, сөйлесім семантикасында коммуникативтік-прагматикалық салмаққа ие компоненттерді анықтауға, негізделеуге көмектеседі» [3, 55]. Ғалымның пікіріне тоқталатын болсақ, пресуппозицияның эксплицитті мен имплицитті қырлары бар. Астарлы мазмұнды жеткізу үшін имплицитті сөйлемдердің жұмсалатыны белгілі. Қазіргі уақытта да имплицитті сөйлемдер тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылады. Сондықтан имплицитті сөйлемдердің зерттелу барысына ерекше тоқталуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Кронгауз М.А. Семантика: Учебник для студентов лингвистических факультетов высших учебных заведений. 2-е изд., испр. и доп.- М.: Изд. центр Академия, 2005. 352 б.

2. Тіл білімі сөздігі/жалпы ред. басқ. Э.Д. Сүлейменова/. – Алматы, 1998. 544 б

3 Ерназарова З.Ш. Сөйлеу синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. 215 б.

Buketov University

4 Семенова Н.Г. Пресуппозиция как способ связи между высказываниями (на материале английской художественной литературы XX века).Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – М., 1984. 184 стр.

5 Умерова М.В. Импликация в семантической структуре текста // Вопросы филологических наук. – М.: ООО Издательсво Спутник +, 2010. – С. 95-100.

6 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 272 б.

7 Кенжеғалиев С.А., Шадыкенов Ә.Қ. Когнитивтік лингвистика. Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды, 2008. – 103 б.

8 Новейший словарь иностранных слов и выражений. – М.: ООО Издательство АСТ, Мн.: Харвест, 2002. – 976 с.

9 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

10 Баймұрынов Ж.М. Пресуппозициядағы сыйыстырушылық сипат // ҚР ҰҒА хабарлары. Филология сериясы. – 2008. – № 4. – Б. 70-75.

11 Жабаева С. Когнитивные аспекты имплицитной семантики текста // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2006. – № 6. – Б.100-103

Турсунова Гульшат Конуспековна
Қазақ тілі пәні мұғалімі
Қарағанды облысы Білім Басқармасының №1 арнайы мектеп-интернаты КММ

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРМЕН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қазақ тілі сабағының басты мақсаты – орыс тілді оқушыларды қазақ тілінде еркін сөйлету, сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібін дұрыс қолдану, қазақша қойылған сұрақтарды түсініп, дұрыс жауап бере алуға үйрету. Сондықтан қазақ тілі сабағында осы мақсатқа жету үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн. Сонда ғана оқушылардың қазақ тілі сабағына деген қызығушылықтары арта түседі.

Бүгінгі таңда негізгі талап – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, өз ойы мен пікірін айта білетін, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастырып тәрбиелеу. Оқыту әдістері - оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде оқытушы мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Оқытушы оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Оқу құралында соңғы жылдары әдістемемізге еніп жатқан жаңа әдіс-тәсілдер мен жаттығулар, рефлексия мен кері байланыс, тренингтер мен ойсергектер, ойындар жинақталған.

Әр сабақта осы технологиялардың элементтерін қолдана отырып оқытса, нәтижеге жетуге болады. Мұғалім сабақта оқыту әдісін дұрыс таңдау керек, сабақты дұрыс бағытта жүргізу керек. Мұғалім әңгімелейді, түсіндіреді, оқушыға бағыт беріп отырады, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды, топта, жұпта, өзбетінше жұмыс істейді, таным әрекеттерін жасайды.

«Венн» диаграммасын қолдану арқылы тақырыптың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге болады. Оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында «5 жолдық өлең», «ПОПС» формуласы, «Төрт сөйлем», «Ассоциограмма», «кубизм» әдістерін қолдануға болады. Мұнда оқушылар өз деңгейлерін, өз көзқарастарын білдіре алады. Тіпті қабілеті төмен оқушылардың өздері 3,4 сөз тіркестерін құрастырып өздері жазса, оқушыны сабаққа қызықтырады.

Сабақтың қай құрылымында болмасын, оқушы осындай стратегияларды қолданғаны дұрыс «Мен не түсіндім?», «Мен не білдім?», «Мен нені білгім келеді?».

Мысал ретінде келесі сабақ жоспары ұсынылады.

Buketov University